«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік
қоры» АҚ Директорлар кеңесінің
2012 жылғы 29 тамыздағы №65 хаттамасына
№1 қосымша

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік
қоры» АҚ Директорлар кеңесінің
2012 жылғы 29 тамыздағы №65 хаттамасымен
«БЕКІТІЛДІ»
2013 жылғы 26 маусымда өзгерістер енгізілді

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің сырт сарапшылар тарту САЯСАТЫ

1. Арналуы

1. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің сырт сарапшылар тарту саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты – Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен біліктілігін дамытудың және Директорлар кеңесі қарайтын мәселе кәсіби және тәуелсіз сыртқы сараптауды талап ететін жағдайда сырт сарапшылар тарту құқықтарын іске асырудың жүйелі, құрылымды және ашық тетігін енгізу арқылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) қызметінің тиімділігін және шешімдерінің салмақтылығын арттыру болып табылады.

2. Жалпы ережелер

2. Саясат Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру және сырт сарапшылар тарту бөлігіндегі құқықтары мен міндеттерін айқыдайды, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сырт сарапшылар тарту туралы шешімдерді жоспарлау мен қабылдау тәртібін реттейді.

3. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғам жарғысына және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқару дың озық тәжірибесінің ұсыныстары негізінде әзірленді.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті білімдері мен тәжірибесі болуы тиіс, бірақ барлық салада сарапшы бола алмайды. Осыған байланысты Директорлар кеңесі мүшелерінің білімдерін кеңейту мен жаңарту, сондай-ақ оларға Директорлар кеңесі құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша кәсіби және тәуелсіз сыртқы сараптама тарту мүмкіндігін беру қажеттігі туындайды.

3. Директорлар кеңесі мүшелерінің мүшелерінің біліктілікті арттыру және сырт сарапшылар тарту бөлігіндегі құқықтары мен міндеттері

5. Директорлар кеңесі мүшелерінің:

- Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғам қаражаты есебінен өзінің біліктілігін арттыруға;
- егер Қоғамның Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесінің комитеті қарайтын мәселе кәсіби және тәуелсіз сыртқы сараптауды талап ететін болса, осы Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғам қаражаты есебінен сырт сарапшылар тартуға құқығы бар.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- үш жылда кемінде бір рет сыртқы және ішкі оқу бағдарламаларына, семинарларға (тренингтерге), конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға қатысып, біліктілікті арттырудың жалпы қабылданған басқа да нысандарын қолдана отырып, Директорлар кеңесі құзыретінің мәселелері және сабақтас мәселелер бойынша өздерінің біліктілігін арттыру шараларына қатысуға;
- Директорлар кеңесінің мүшелері үшін Қоғам ұйымдастыратын сыртқы және ішкі бағдарламаларға қатысуға;
- Қоғам қаражаты есебінен біліктілігін арттырудағы және сырт сарапшылар тартудағы өз құқықтарын іске асыру кезінде Саясатпен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпті сақтауға;
- Қоғам қаражаты есебінен біліктілігін арттырудағы және сырт сарапшылар тартудағы өз құқықтарын іске асыру кезінде тараптардың тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алуға міндетті.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесі мүшелерінің сырт сарапшылар мен кеңескерлер тартуы үшін бюджет құру тәртібі

7. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың және сырт сарапшылар тартудың жылдық жоспарын бекіту арқылы, Директорлар кеңесі жоспарланған қаржылық жылдың алдындағы жылдың екінші тоқсанына дейінгі мерзімде көпшілік дауыспен жалпы Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы, сондай-ақ Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің комитеттері құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша кеңес алу үшін сырт сарапшылар тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың және сырт сарапшылар тартудың жылдық жоспары негізінде Корпоративтік хатшы қызметі Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес тиісінше бюджет құруға өтінім жолдайды.

9. Қажеттілік туындаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырт сарапшылар тартуына және біліктілігін арттыруға көзделген бюджетті түзету Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бір жылда бір рет жүргізілуі мүмкін.

5. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру тәртібі

10. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- сыртқы және ішкі оқу бағдарламалары, семинарлар (тренингтер);
- кәсіби мақалалар және Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін басқа да ақпарат;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер және форумдар.

11. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың және сырт сарапшылар тартудың жылдық жоспарын бекіту арқылы, Қоғамның қаражаты есебінен Директорлар кеңесі осы Саясаттың 4-бөлімі 7-тармағына сәйкес көпшілік дауыспен жалпы Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы шешімді мыналар негізінде қабылдайды:

- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша біліктілікті арттыруға анықталған қажеттілік;
- негіздеме болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің сұрауы бойынша.

12. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің сәйкесінше сұрауында біліктілікті арттыруды қажет ететін мәселе, біліктілікті арттырудың ұсынылатын нысаны және осындай қызметтерді ұсынатын болжалды ұйым көрсетілуі тиіс.

13. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесін Директорлар кеңесінің мүшелері үшін Қоғам қызметкерлерінің күшімен ішкі семинарлар (тренингтер) ұйымдастыру мүмкіндігі жөнінде хабардар етеді.

14. Қоғамның Директорлар кеңесі шығыстарды салыстыруға және біліктілікті арттырудың түрлі нысандарының Директорлар кеңесінің тәуелсіздігіне әсер ету қаупін бағалауға негізделе отырып, көпшілік дауыспен Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру нысаны туралы шешім қабылдайды.

15. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғамның жылдық бюджетінде Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға арналған бап көзделуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру Қоғам бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде жүргізіледі.

16. Қоғамның Басқарма төрағасы және Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға ықпал ететін ақпараттың ұдайы берілуін ұйымдастырады. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам қызметінің мәселелері және сабақтас мәселелер бойынша баспасөздің ұдайы шолуларын дайындау және кәсіби мақалалар жолдау арқылы.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырт сарапшылар тартуының тәртібі

17. Негіздеме болған ретте, Директорлар кеңесі осы Саясаттың 4-бөлімі 7-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесі қарайтын мәселе кәсіби және тәуелсіз сыртқы сараптауды талап ететін болған жағдайда, Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұрауы немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің ұсыныстары бойынша Қоғамның қаражаты есебінен Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттері құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша кеңес алу үшін сырт сарапшылар тарту туралы шешім қабылдайды.

18. Сәйкесінше Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұрауында немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің ұсынысында кеңес алу қажет болған мәселе және кәсіби кеңес алу көзделетін ұйым ұйым көрсетілуі тиіс.

19. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырт сарапшылар тарту құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғамның жылдық бюджетінде Директорлар кеңесі мүшелері үшін сырт сарапшылар тартуға арналған жекелеген бап көзделуі тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі үшін сырт сарапшылар тартуға арналған бап шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері үшін сырт сарапшылар тартуға арналған кіші бап бөлінуі тиіс.

20. Сырт сарапшылар мен кеңескерлерді іріктеу біліктілігі пен тәжірибесіне қойылатын қатаң талаптар (өз саласындағы аса кәсіби талаптар) ескеріліп, тікелей іріктеу әдісімен жүзеге асырылады.

Сарапшылар мен кеңескерлер ретінде ғылыми дәрежесі бар ғылыми қызметкерлер, тиісті салаларда біліктілігі жоғары мамандар, бизнес-орталар, министрліктер мен басқа да орталық әкімшілік органдар ұсынған мамандар болуы мүмкін.

21. Қоғам қаражаты есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша кеңес алу үшін сырт сарапшыларды таңдау кезінде тараптардыі тәуелсіздігі қағидаты қамтамасыз етілуі тиіс.

22. Қоғам қаражаты есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша кеңес алу үшін сырт сарапшыларды тарту Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша жүргізіле алмайды.